

Н.Е. Мубарак* , **Л.М. Адилбекова** 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: Nazerke.96.sdu@gmail.com

МАДИНА ОМАРОВА ӘҢГІМЕЛЕРІН ЖОО-ДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бұл мақала арқылы жоғары оқу орындарында кең қолданылып, етек алған дәстүрлі және заманауи оқыту әдістерінің бір жерге шоғырланып, өзіндік мақсатқа жеткендігін көреміз. Қазақ жазушыларының, оның ішінде, тәуелсіздік кезеңіндегі әйел жазушылар прозасы зерттелетін болады. Прозаны зерттей отырып, көркемдік ізденістері мен оқыту әдістемесіндегі оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қарастыратын боламыз. Яғни оқытудың инновациялық технологияларын қолдану мәселесі қозғалады. Қазіргі педагогика ғылымының әдіснамалық саласында әңгімелерді оқыту әдістемесіне үлес қосу көзделеді. Мақаланың мақсаты – бірқатар тәуелсіздік кезеңіндегі әйел жазушылар прозасының әдебиеттану ғылымына қосқан педагогикалық үлесі және шығармаларын жоғары оқу орнында оқытудың мәселелерін қарастыру.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – әңгімелерді әдеби талдау түрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеуді қамтамасыз етсе, тәжірибелік мәні – зерттеу жұмысының нәтижесін жоғары оқу орны студенттері, магистранттар мен докторанттар және әдебиеттанушылар, әңгіме жанрға қатысты зерттеулерінде пайдалана алады.

Бұл тақырыпты ашу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: теориялық, типологиялық көзқарас, тарихи-әдеби, педагогикалық және эксперименттік. Жазушы әңгімелерін жоғары оқу орны студенттеріне оқып талдауға жаңа технологияларды пайдалану ерекшелігі мен маңыздылығы қарастырылады.

Мадина Омарова, Бибігүл Иманғазина, Айгүл Кемелбаева, Аягүл Мантай, Лира Қоныс, Роза Мұқанова сынды қазақ прозасына өзіндік таңба қалдырып, өзіндік ізін жалғаған қаламгерлеріміздің шығармаларын ЖОО-да оқытудың жаңаша әдістемесі қарастырылады. Талдау көркем шығарманың образдық жүйесін (басты кейіпкер, қалған кейіпкерлердің бас кейіпкердің мінезін түсінуге қалай көмектесетіні), басты мәселені анықтауға жүгінеді. Жазушының әңгімелерін зерделеу барысында студенттерді проблемалық, танымдық тапсырмалар тиімді ұсынылады.

Мақаланың практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар әңгімелерді оқыту әдістеме саласының дамуы мен қалыптасуына, сондай-ақ ЖОО-да оқытудың әдістемесіне қатысты зерттеулерді толықтырып, тереңдетуге ықпал ететіндігінде.

Мақалада келтірілген ғылыми тұжырымдар әңгіме шығарма жанрына қатысты, көпшілікке ұсына алатын әңгімелерді оқытуға негізделген, оқыту әдістемесінде өзіндік орын алатын маңызға ие. Зерттеу нәтижелері ЖОО-да оқытудың әдістемесі негізінде құнды дереккөз болмақ.

Түйін сөздер: көркем әдебиет, көркем шығарма, әдеби талдау, ұлттық құндылықтар, әңгімелерді ЖОО-да оқыту әдістемесі, проблемалық оқыту, инновациялық әдіс-тәсілдер.

N.E. Mubarak*, L.M. Adilbekova

Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: Nazerke.96.sdu@gmail.com

Methodology of teaching Madina Omarova's stories at the university

This article discusses traditional and modern teaching methods widely used in higher education institutions. The issue of finding innovative methods of teaching the works of Kazakh writers and the use of innovative teaching technologies are discussed. It is intended to contribute to the methodology of teaching stories in the methodological field of modern pedagogical science.

The scientific significance of the article lies in the fact that it provides a scientific study of the types of literary analysis of stories, and its practical value lies in the fact that the results of the research work can be used by students of higher educational institutions, master's and doctoral students, as well as literary scholars in their research. with the genre of storytelling.

Universities are considering a new method of teaching the works of our writers who left their mark on Kazakh prose, such as Madina Omarova, Bibigul Imangazina, Aigul Kemelbaeva, Ayagul Mantai, Lira Konys, Roza Mukanova.

The analysis talks about the figurative system of the work of art (the main character, how other characters help to understand the character of the main character), the main problem. In the course of studying the writer's stories, students are effectively offered problematic, cognitive tasks.

The practical significance of the article lies in the fact that the scientific conclusions drawn as a result of the study contribute to the development and formation of the field of storytelling teaching methods, as well as complement and deepen research related to teaching methods in universities.

The scientific findings presented in the article belong to the narrative genre, based on the teaching of stories that can be presented to the public, and have their place in teaching methods.

Keywords: fiction, artistic creativity, literary analysis, national values, methods of teaching stories in universities, problem-based learning, innovative methods.

Н.Е. Мубарак*, А.М. Адильбекова

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: Nazerke.96.sdu@gmail.com

Методика преподавания рассказов Мадины Омаровой в вузе

В данной статье рассматриваются традиционные и современные методы обучения, широко используемые в высших учебных заведениях. Обсуждается вопрос поиска инновационных методов преподавания произведений казахских писателей, использование инновационных технологий преподавания. Она призвана внести вклад в методику обучения рассказов в методологическом поле современной педагогической науки.

Научная значимость статьи заключается в том, что она обеспечивает научное исследование видов литературного анализа рассказов, а ее практическая ценность заключается в том, что результаты научно-исследовательской работы могут быть использованы студентами высших учебных заведений, магистратурой и докторантами, а также литературоведы в своих исследованиях связаны с жанром повествования.

В вузах рассматривается новая методика преподавания произведений наших писателей, оставивших свой след в казахской прозе, таких как Мадина Омарова, Бибигуль Имангазина, Айгуль Кемельбаева, Аягуль Мантай, Лира Коныс, Роза Муканова.

В анализе говорится об образной системе художественного произведения (главный герой, как остальные персонажи помогают понять характер главного героя), основной проблеме. В ходе изучения рассказов писателя студентам эффективно предлагаются проблемные, познавательные задания.

Практическая значимость статьи заключается в том, что научные выводы, сделанные в результате исследования, способствуют развитию и формированию области методики преподавания сторителлинга, а также дополняют и углубляют исследования, связанные с методикой преподавания в вузах.

Научные выводы, представленные в статье, относятся к повествовательному жанру, основанному на преподавании историй, которые могут быть представлены публике, и занимают свое место в методике обучения. Результаты исследования станут ценным источником для методики преподавания в вузах.

Ключевые слова: художественная литература, художественное творчество, литературный анализ, национальные ценности, методика преподавания рассказов в вузах, проблемное обучение, инновационные методы.

Кіріспе

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы қазіргі қоғамның бет-бейнесін, заман ағымындағы адамдардың болмысын дәлдеп көрсете алуымен ғана емес, өткен тарихты бүгінгі проза – әлемдік әдеби үрдістерді өзімізге әкеліп, қаламгерлер әртүрлі тәжірибелер жасау арқылы алуан түрлі жанрда түрлі тақырыпта әлемдік мәселелер сөз болуды. Оның тұздығы ретінде тәуелсіздік, еркіндік, азаттық сынды тақырыптарды тілге тиек етуге әбден болады. Белгілі бір тақырыпта ғана

ойланып, соны ғана өзек тұтпай негізгі тақырып айналасында түрлі кейіпкерлердің күйін көрсету арқылы мейлінше жан дүниесі бөлек, басқаларға үксай бермейтін образдар жасап, қалыптастырды. Қазіргі проза өткенді қозғамай, керісінше оны қозғай отырып, өзіндік таңба, өзіндік жаңа леп әкелуімен ерекшеленді. Сонымен қатар бағамдап, сараптап, оның негізі ретінде тәуелсіздікті, ел құндылығын, ел бірлігін сөз етіп, дәріптеуде.

Осы жөнінде жазған А. Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы?» атты мақаласындағы «Әліп-

би үйретудің өзінде толған әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылса, әдіс түрлерін түгелдей алмас едік» (Байтұрсынов, 1992: 108). Осы оралымды ойда А. Байтұрсынұлының сөзі біздің жұмысымызға толықтай дәлел.

Соңғы уақыттарда (отыз жылда) проза өзіндік ауқымын кеңейтіп, тақырып пен идеялық жағынан бірқатар өзгерістер ала келді. Күрделі ойлар мен маңызды көркемдік ізденістерге жол ашты. Өйткені адам мен табиғат, қоршаған орта, қоғам арасындағы үздіксіз байланыс пен әрекеттерді шынайы прозада көрсету үлкен жетістікке айналды. Әр жаратылысқа тән өзгешелік, әсіресе ой мен сезім, ар мен ұят, арман мен қиял, әрекет пен қозғалыс, мақсат пен міндет мұның бәрі айта берсең қаламгердің ізденіс күші мен шығармашалық рухын танытып, жаңа идеяның пайда болып, өмірге келуіне сөзсіз тәсілдердің негізі болды. Осы арқылы жазушы өз стилінің ерекшелігі мен қаламының сиясын бір арнаға бұрды. Осылайша тәуелсіздік жылдары өзінше жаңа оймен туындаған қазақ прозасының болашағы өз сахнасын бағындыра бастады. Бұл ізденіс қазіргі таңда біздегі жаңа толқынның, жаңа әңгімелердің дүниеге келуіне жол ашты (**Сыбанбай**, 2023: 7).

Уақыт пен орын өлшемі қашан болмасын әңгіменің өзегі. Осыған сәйкес қазақ әңгімелеріндегі жаңа бейне жаңа бір буынның әңгіме жанрына есік ашты. Қазіргі таңда жоғары оқу орны мен жалпы оушылар арасында әңгімені саралау оқу мен сыни талдау ерекше ықпалға ие. Осы себептен де біздер жеке тұлғаға қатысты аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін анықтай отырып, оның ізденіс дағдысын қалыптастыру үшін жаңаша инновациялық технология негізінде оқыта алуымыз қажет. Жаңа технология – жаңа мүмкіндік бастауы. Инновациялық әдістер жалпылама студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру мен оны жүзеге асырудың жаңа стилін қарастырады. Дәл бүгінгі күнде атап айтқан проблемалық оқыту мен сыни ойлау арқылы шығармашылық қабілетті аша отырып, анализ жасап оқыту осыған негіз болады. Бұл жай шығармашылық қабілетті ашу үшін ғана емес, студенттің шығарманы саралай оқуы мен талдай оқуына негіз. Әрі интеллектуалдық қабілеттерін шыңдай алады.

Біздер атап өткен оқытудың инновациялық технологияларына төмендегі талаптар қойылып отыр:

- диалогтік (екеу ара байланыс орнату);

- белсенді әрі шығармашылық сипатқа ие танымдық ауқымы мол;

- оқушының жеке тұлға ретінде дамуын қолдап, оның маңызын көрсете алуын қамтамасыз ету;

- өз бетінше шешім қабылдап, өз бетінше әрекет ете алу қажеттілігін дағдыға айналдыру;

- оқытудағы мінездің байланысын мазмұндық жағынан тақырыппен байланыстыру, соған сай әдіс таңдау (Алексеева, 2018: 19).

Қазақ әңгіме жанрын қозғамас бұрын, әлем әдебиетіндегі әңгіменің алар орнын айтпасқа болмас. Әлемдік әдебиеттің ғұмыры да ұзақ, тәжірибесі де мол, тақырыбы да алуан, қоры үлкен. Олар өмірдің сан алуан тұсынан идеяны іздеп, тақырып таңдады. Шығарма идеясын қарапайым халықтың күнделікті тіршілігінен іздеді. Әрбір жанның маңызды екенін, тіршілігін, өмір сүру әдебін, ісін көркем түрде жеткізе отырып, оқырман қауымға жаңаша сарынмен кіріп келді. Жаңалықпен кірген: Кобэ Абэ, Габриэль Гарсия Маркес, Иосиф Бродский сынды талантты, аузын ашса сөз маржаны ағылар ақын-жазушылар болатын. Замана көрінісі, адам бейнесі, кейіпкерлер шебер суреттелген.

Қазақтың дәл қазіргі әдебиетінде әңгіменің дәстүрін, өзегін, тұрақты белгісін сақтап қалу бір жағынан жаңа бейнелеу әдістері мен тәсілдеріне байланысты болды. Жаңаша тақырыппен, жаңаша автормен танылған әңгіменің негізгі бастауы жаңа уақыттағы жаңашылдықты көрсетуді танытып отыр (Калижарова, 2022: 183). Яғни жаңа стильдегі пайда болған әңгіме жанры адамның ішкі күйінен хабардар етіп, ішкі болмысқа көбірек енуімен ерекшеленеді.

Әңгіменің жалпы құрылымына ерекше ықпал ететін жанрды өмірге әкелетін – оның белгілері. Осы тұста әдебиеттанушы ғалымдар дайындаған негізгі жүйе қысқа жазылған болса бұл прозаны проза деп қабылдауымен, шығарма жанрындағы ерекшеліктерге сәйкес көрсетумен бірқатар формалық және мағыналық сипаттарды көрсетеді.

Біздің тақырыбымызға негіз болған қаламгерлер ішінде Бибігүл Иманғазина, Мадина Омарова, Лира Қоныс, Айгүл Кемелбаева, Аягүл Мантай, Роза Мұқанова – мистикалық жанрды бізге әкеліп, қазақша әрлеп, нақышқа салып, оны тақырыптық жағынан байытып келе жатқан қаламгерлер. Бұл жанрдың бізге келуі қарапайым әңгіменің майын ішкендер үшін тосын болды. Себебі мистика, оның ішінде қазіргі кездегі детектив жанры жастар арасында аса танымал

болғанымен, орта буын үшін тосын жағдай болды. Жұмбақ және белгісіздік қай кезде болмасын адамды өзіне тартып, өзіне баурайды. Адам көрмеген, білмеген, татпаған дүниеге құштар келеді. Осы ретте мистика да өзіндік тартымдылығы мен жұмбақ оқиғаға негізделуімен оқырманды өзіне баурап алды. Дәл қазіргі сәтпен айтар болсақ, әдеби уақыт алаңында ескілікті жауып, жаңашылдықпен келген бұл бағыттың берері мол екендігіне сенімдіміз. Бұл жанрды жоғарыдағы қаламгерлер шебер суреттеумен қатар, өмірге әдемі етіп идеясын ұсына білді.

Бұл шығармашылық ізденіс жоғары оқу орындарының аудиториясына арналумен қатар, қазақ әйел жазушылары, оның ішінде тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетіміздің тоқырауға ұшырамай, керісінше жанданып, өзіндік ізденіс пен ұмтылысын көрсетеді. Әңгіме жанрының бірқатар зерттеу әдістеріне негіздеп, толықтай тақырып пен идея жағынан практикалық маңызға ие бола алады. Келешек қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған бұл тақырып жай ғана біліммен көкжиегін ашып қана қоймай, жаңаша ізденіс пен тәжірибеге алып келеді. Яғни, әңгіменің мазмұнына терең бойлау, оған көпшіліктің қызығушылығын арттыру, маңызын түсіндіру, тілдік бірліктерін анықтау және шығарманы дұрыс талдай білуге негіздей алады. Осыған орай Мадина Омарованың «Емші апа», «Жақсы көру», «Таң алдында», «Құдайы», «Ауылда» және т.б. әңгімелерін талдай отырып, маңызы мен идеясын толыққанды түсіндіріп көрсетуге әдіс-тәсілдерді ұсынамыз.

Материалдар мен әдістер

Жаңаша оқыту әдістері ішінде оқытудың интербелсенді және белсенді әдістері бойынша білім алушы мен оқытушы бірдей ат салысып, бірдей талдау жасап, анализ жүргізеді. Осыған орай білім алушы оқытушымен шектелмей, тақырыпты тың деректерге сүйене отырып, жаңа бір мазмұнмен өзіндік ерекшелігін, сабақтың практикалық әдісін өзі құрастыра алады. Осы арқылы ол нәтижеге қол жеткізіп, мақсатқа бірге жетеді. Оқытудың біз айтқан практикалық белсенді әдістерін ХХІ ғасырдың жаңашылдығы деп тану қате. Себебі оны Я. Коменский, И. Песталоцци, А. Дистервег, Г. Гегель, Ж. Руссо, Д. Дьюи өз еңбектеріне талдап, көпшілікке ұсынып кеткен болатын (Сабинова, 2016: 103).

Тәуелсіздік кезеңінде қазақ прозасының жанры романмен қатар шағын көлемді повесть,

әңгіме жанры биік көркемдік сапаға қол жеткізді. Атап айтқанда, Несіпбек Дәутайұлы, Нұрдәулет Ақыш, Рахымжан Отарбаев, Асқар Алтай, Талаптан Ахметжан, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева, Дидар Амантай, Думан Рамазан.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетке прозаны үздік тақырыптармен толықтырған Т. Әбдіковтің «Парасат майданы», Б. Мұқайдың «Өмірзая», С. Мұратбековтің «Ай туар алдында», Т. Шапайдың «Айна сарай», А. Кемелбайдың «Қоңыр қаз», Н. Ораздың «Биіктегі сұлулық», Н. Қамидың «Көк қақпа» Н. Ақыштың «Қыздар күні», «Тағдыр воровки», «Алтынбек», т.б. прозалық шығармаларды атап айтуға болады. Соның ішінде біздің қарастыратын тақырыбымыз Мадина Омарованың әңгімелеріне тоқталып, қазіргі жастардың оқуға деген ынтасын ашып, бойына дарыту және оқытудың тиімді әдістемесін жасау.

Мадина Омарованың әңгімелері тап қазіргі ортаға сіңуі оңай, қазіргі жастарға оқуға ыңғайлы, талдауға ашық, пікір айтуға сөзсіз бейім шығармалар қатарынан болып отыр. Себебі көлемі жағынан аз сөзділікке бейім келсе де, бірақ маңынасы терең, ауқымы кең. Осыны ескере отырып, М.Омарова әңгімелерін зерттеуде практикалық жағынан белсенді тәсілдерге негіздейтін боламыз.

Жазушының шығармалары шынайы ауыл бейнесін, ауылда болатын оқиғаны негізге алған. Тақырып жағынан да, кейіпкер жағынан да өзіндік үндестік бар. Бұл тақырып кез келген студент үшін қиындық тудырмағанымен, оны терең ойлап топшылау қиындыққа түсуі мүмкін. Осы себепті де жан-жақты әдіс-тәсілдерді әңгімені талдауға ғана емес, оның мағынасын ашуға, идеясын жеткізуге негізделеді.

Қазақ прозасын оқытуда жиі қолданылатын әдістерді бұған дейін зерттеген ғалымдар жүйесімен төмендегідей жіктеп, көрсете аламыз:

- эвристикалық әдіс;
- ізденіс әдісі;
- репродуктивтік әдіс;
- продуктивтік әдіс;
- шығармашылық әдіс (Симбаева, 2019: 57).

Жоғарыдағы жіктеуге сүйене отырып, студенттерге әңгімені оқытуда шығармашылық ізденістерін арттырып, көркемдік идеясын ашуда жаңаша бір толғам мен ойларды шығаруға негіздей алады. Әңгімеге терең бойлап, оның жаңа мазмұндық талаптарын аша алады.

Зерттеу барысы төмендегі ретпен жүргізіледі:

- зерттеу негізі ретінде таңдап алған М.Омарованың шығармаларын толықтай оқып, мазмұнын байланыстыру;

- зерттеу негізі ретінде алынған әңгіме тақырыптарын топтастырып, мысалдар келтіру;

- таңдалған әңгімелерді әдістемеге негіздеп, топтастыру.

Әдебиеттерге шолу

Жаңаша оқыту әдістері ішінде оқытудың интербелсенді және белсенді әдістері бойынша білім алушы мен оқытушы бірдей ат салысып, бірдей талдау жасап, анализ жүргізеді. Осыған орай білім алушы оқытушымен шектелмей, тақырыпты тың деректерге сүйене отырып, жаңа бір мазмұнмен өзіндік ерекшелігін, сабақтың практикалық әдісін өзі құрастыра алады. Осы арқылы ол нәтижеге қол жеткізіп, мақсатқа бірге жетеді. Оқытудың біз айтқан практикалық белсенді әдістерін ХХІ ғасырдың жаңашылдығы деп тану қате. Себебі оны Я. Коменский, И.Песталоцци, А. Дистервег, Г. Гегель, Ж. Руссо, Д.Дьюи өз еңбектеріне талдап, көпшілікке ұсынып кеткен болатын (Сабинова, 2016: 103).

Қазақ әдебиетінің жаңа бағыты (Калижарова, 2022: 183) өзінің дәстүрлі негізін сақтап, тұрақты белгілерін ұмыт қалдырмай, бір шеті бояуын өңдеп, бір шеті жаңа әдіске негіздеп, бір шеті көлемдік жағынан өзгеріс әкеліп, бір шеті мазмұндық-идеялық белгісін жаңақшылдыққа бағыттаумен жаңа бір стильдің қалыптасуына арқау болды.

Қазақ прозасын оқытуда жиі қолданылатын әдістерді (Симбаева, 2019: 57).

былайша жіктеуге болады:

- эвристикалық әдіс;
- ізденіс әдісі;
- репродуктивтік әдіс;
- продуктивтік әдіс;
- шығармашылық әдіс.

Әңгіме – бізше балаға ең жеңіл жанр. Ал өсте оның маңызын, оның берер тәрбиесін Ы.Алтырсарин өз шығармашылығына арқау етіп, көбірек тоқтаған болатын. Әңгіме – ең әуелі Ыбырайдан бастау алып, баланың жүрек көзін, танымын, ойын қалыптастырып-ашуға өз ықпалын молынан тигізді. Осындай жақсыға жол бастаған жазушылық жолын Мадина Омарова да әңгімемен толықтырды. Жазушының «Көмбе нанның дәмі», «Қадір түні», «Ана ғұмыр», «Менің қаһарман шөберем» сынды кітаптары қалың көпшілікті селт еткізбей қоймады. Басым тақы-

рыптар мен оқиға, орын ортақ болған қоғамнан алып, қоғаммен байланысты нығайта білген. Тақырыптарға сүйенсек: ауыл таңы, кеші, халық тынысы, емшілік, бауырмалдық, адалдық, ақ көңіл, ана жүрегі т.б. осы сынды бірқатар сөз маржандары арқылы терең философиялық толғаныстар қалдырды.

Мадина Омарованың «Көмбе нанның дәмі» оқулығында (Омарова, 2020: 13) негіз алған қызығушылығымыз, автордың шығармашылығына терең бойлай отырып, басқа да әңгімелеріне деген махаббатқа жол ашты. М.Омарова жай ғана әңгіме жанрын жазған қарапайым жазушы емес, ол нағыз өмірдің шынайы болмысын өз әңгімесіне белгілі бір дәрежеде қосып, идеясын дамытқан қаламгер. Өзіндік қолтаңбасын жаңа бір әңгіме жанрымен бекіткен қаламгер. Жазушының қаламынан туған туындылары қол жетімді, электронды нұсқасы баршылық. Демек, кез келген оқимын деген студент ашып оқи алады. Сондықтан да біздің М.Омарова әңгімелерін жай оқитын ғана емес, оқи отырып, сыр шерте алатын, мистикасына, фантастикасына ерік беріп, студенттің немесе оқырманның толғам-пікірін жеткізе алуына жол сілтемек болдық. Осы негізде біз шығарма талдауды төмендегі тәсілдерге жүгіне отыра жасамақпыз.

М. Омарованың әңгімелеріне тоқталған кезде Ж. Аймауытовтың әдістемесін (Аймауытов, 2013: 65) басты орынға қойдық. Себебі оның айтқан оқыту үлгілері қазіргі біз қолданып жатқан, сабақ барысында жүзеге асырған біраз әдістермен арасы өте жақын екен. Жүсіпбек Аймауытовтың «Алты томдық шығармалар жинағын» негізге ала отырып, жұмысымызға қажет деген біраз ақпарат алдық. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» еңбегінің (Байтұрсынов, 1992: 25) алар орны бөлек. Осы тұста жұмысымызға мұрындық болған айтулы шығармалар мен оны өмірге әкелген қаламгерлер.

Әңгіме талдау негізінде топтағы барлық оқушыларды қатыстыру үшін мынадай эвристикалық (Аймауытов, 2013: 185) әңгімелесу жүргізіледі:

- 1) әңгімедегі жанрлық көрініс қандай белгілермен анықталады?
- 2) әңгімесінің сюжеті қалай ұйымдастырылған?
- 3) әңгімеде пейзаж суреттемелері қандай рөл атқарады?
- 4) бұл әңгіменің негізгі тақырыбы не?
- 5) бұл әңгіменің реализм әдісіне жататынын немесе жатпайтынын дәлелде

Нәтижелер мен талқылау

Жазу бағыты уақыт өткен сайын көлемдік жағы болсын, мазмұндық жағы болсын бірталай өзгеріске ұшырап, қоғам оны толық қабылдап үйренбесе де, жаңашылдықпен жаңа мақсатпен тез-тез келіп, әдебиетімізге сіңуде. Бұған негізгі дәлел осы М.Омарова сынды жазушыларымыздың, оның ішінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта жарық көрген шығармаларымыздың өзі екені сөзсіз.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі мақсаты – келешек ұрпаққа жаны сау, іші бүтін әдеби шығармаларымызды жеткізу. Яғни, келешек әдебиет пәнін оқытатын оқытушыларымызға үлкен жүк – алдағы уақытта дүниеге келетін, қазір дүниеге келген, тіпті дүниеге келіп, оқытудан шығып қалған әр әдеби шығармаларымызға терең бойлап, оның маңызын түсіндіріп, дұрыс насихат жасау болмақ. Ал осындай зерттеулерген болашақ мұғалімдер танысу арқылы оқушыларға дұрыс жеткізу жолдарына терең бойлап, сауатты жоспарлауды үйренеді. Студенттер мен көркем әдебиет шығармалары арасында көпір болатын шығарманы толық зерттеп, түсіне алған адам. Ендеше әр шығарманың бойында кездесетін құндылық пен идеяны, терең мағынаны, жаңаша ақпаратты ашып дәлелдеу педагогикалық шеберліктің жоғарғы шыңы болып есептеледі. Бұл тұлғалық саралап оқыту мен сыни ойлау негізіндегі принциптерді қолдануға ықпал етеді.

Сабақта студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың жаңаша идеяны ойлап табуына ықпал ететін, болашақ үшін маңызды әдістемелік құрал қашанда өзінің жемісін берген. Оларға сызбалар мен суреттер, түрлі карта, кеспе қағаздар, кестелерді толтыру, сәйкестендіру, күнделік жазу, пікірлесу, пікір алмасу сияқты тәсілдерді және сондай-ақ қазір көп өзгерісті бойына сіңіріп, жаңашылдық әкелген жасанды интеллектті де қолдану арқылы шығарманы оқудың маңызын көрсетуге болады.

Мадина Омарованың шығармаларын меңгеру кезінде негізгі ортақ тақырыптардың бірін ауыл тақырыбына ұласады. Кейіпкерлердің табиғатын суреттеу кезінде автор тек бір жақтан емес, оқырманның ойын әртарапқа жүгіртпей, нақты әрі тура суреттей алған. Шығармадағы кейіпкердің бойындағы қасиет басқамен салыстырудан гөрі тек өзінде бар, кейіпкердің жан дүиесінен ғана шығатын үн мен ойға басты назар аударады. Ауыл адамдары қарапайым емші апаның еміне сеніп, өзін ерекше қадірлеп, ал-

дыңғы орынға қойғандығын, таң алдындағы ауыл тынысын, ауылдағы құдайы және жалпы ауыл тақырыбын ерекше ықыласпен бейнелі суреттеген. Бір жағынан қазіргі жастардың ауыл тынысынан алшақтап, қалалық мәдениетке тым жақындап алғаны үшін де болар қаламгер ойынан анық ауылға деген сағыныш лебі мен шырайын толық көреміз. Қаламгердің қозғаған тақырыбында өзектілік – біз қазір артта қалдырып қойған, қаланың тыныс-тірлігімен ұмытуға айналған «ауыл» тіршілігін еске түсірумен басқа жазушылардан бөлек тұр.



1-сурет – М. Омарованың әңгімелері

1-кесте – М. Омарова әңгімелерінен алынған үзінділер

«Ауыл кеші. Өрістен қайтқан мал тынышталып, адам аяғы саябырсыған кез.	«Емші апа»
«Дала қараңғы. Бірақ алыстан елеусіз ата бастаған таңның демі сезіледі. Сыртқа құлақ түрдім. Тыныш. Сәлден кейін қораз шақырады, содан соң ит үреді, торғайлар шырылдайды».	«Таң алдында»
«Қазан баппен қайнап жатыр. Өз орнын өз ісін білетін сабырлы адам тәрізді. Аз ғана бу шығарып, бірқалыпты бүлкілдейді»...	«Құдайы тамақ»
«Аулада өзірленген дастарқан басына келдім. Сақал-мұрты аппақ шал соғыста көргенін өңгімелеп отыр. Тістері жоқ болғандықтан ба дауысы даңғырлап сөздері түсініксіз шығады» (Омарова, 2012: 187).	«Құдайы тамақ»

Оқытудағы белсенді әдістердің бірі ретінде оқушыларды тек белсенділік пен шығармашылыққа тәрбиелеп қана қоймай, олардың танымдық іс-әрекеттерін байытып, толық өз ойын еркін, жүйелі айта білуге үндейді. Бұл арқылы оқушылардың жүйелі түрде танымдық іске баулып, шығармашылық қабілеттерін ашу-

дың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл оқыту әдістеріне эвристикалық оқыту, миға шабуыл, тақырыптық болжату, проблемалық оқыту, пікірталас, кросс-пікірталас, жоба әдісі, шешім ағаштары, рөлдік ойындар, іскерлік ойын, іскерлік қоржын жатады.

Осы тұста мысал ретінде негізге алып, эвристикалық оқыту әдістемесін негізге алайық. Мысалы, эвристикалық әңгіме – бұл Сократтың оқыту әдісінен бастау алатын «эвристика» (мен табамын, ашамын, іздеймін) атауын алған әдіс. Осының психологиялық ерекшелігі әңгімені ұжымдық ойлау мен ұжымдық бағытқа негіздейді. Мысалы, белгілі бір сұраққа жауап табу, жауап беру кезінде көрінеді. Бұл әдіс сонымен қатар проблемалық яғни мәселені шеше отырып, тығырықтан шығу жолына да соқпай кетпейді. Эвристикалық оқыту бар жерде проблемалық оқыту да жүреді. Себебі олар бір-бірін толықтыру арқылы әңгіменің негізін ашып, оқырманға тәттісін береді. Сократ негіздеп берген бұл әдісті көпшілік орында әңгіме талдап, шағарма оқытқанда қолдануға болады. Сондай-ақ семинарлар мен басқосуларда, жұптық сабақтарда қолданса, тіптен оқушылардың назарын аударып, шығармаға деген ынтасын артырары сөзсіз. Практикалық жағынан нәтиже көрер кезде, студенттердің жеке жұмысын тексергенде таптырмайды. Аудиторияны оқытушы өзіне қаратып, дискуссияны осы оқытумен байланыстыруға болады. Бұл арқылы оқытушы сабақты дұрыс талдатады, сабақ мазмұнын толық ашады, тәжірибе өткізеді, толық ақпарат көздерімен таныстырады. Осы арқылы сабақ өз нәтижесін береді. Кері байланыс жасау арқылы оқытушы мен оқушы арасында ортақ тақырып алынып, оны өзара талдайды. Негізгі мақсатқа жетеді. Бұл дәріс одан әрі пікірталас сабаққа ауысып, осы тұста оқушылардың араторлық шеберліктері мен өзара байланыс құрау, сұрақ қою, жауап алу сынды бірқатар өнерлері көзге түседі. Айналып келгенде бір шығарманы талдап оқыту бірнеше мақсатқа жетуге жол ашады.

Демек, М. Омарова әңгімелерін оқыту әдісіне де осы жоғарыдағы мысалды негізге ала аламыз. Бұл жағынан қаламгерге тән қырағылық пен жеңілдік, еркіндік, сезімге күштарлық сөз саптауынан айқын сезіледі. Әр шығармаларының құндылығы ғана емес, өзіндік ерекшеліктері де бар.

М. Омарованың әңгімелерінің көркемдік ерекшелігі жағынан ауыл бейнесі, қарапайым тұрмыс, жеңіл оқиғалар бейнеленгенімен, маз-

мұн жағынан қиял мен ойды біраз шыңға шығарады. Осы тұста М. Омарованың әңгімелерін талдау барысында эвристикалық әңгімелесуді ұсынамыз.

Әңгімені оқыған-оқымаған оқушылар арасында әңгімені талдау үшін мынадай эвристикалық әңгімелесу жүргізуге болады:

1) Әңгіменің жанрлық сипаты қандай белгілермен анықталады?

2) Әңгімесінің сюжеті қалай ұйымдастырылған?

3) Әңгімеде пейзаж суреттемелері қандай рөл атқарады?

4) Бұл әңгіменің негізгі тақырыбы не?

5) Бұл әңгіменің реализм әдісіне жататынын немесе жатпайтынын дәлелде (Аймауытов, 2013: 185).

Эвристикалық әңгімелесу нәтижесінде оқушылар маңызды қорытындылар жасайды. Қорытынды жасай алған оқушы өзіне сабақ алады, тақырыпты түсінеді, нәтижені сөзсіз көрсетеді.

Осылайша, М.Омарованың әңгімелерін оқыту, оның ішінде проблемалық оқыту өзіндік нәтижесін шығарманы дұрыс талдағанда көрінеді. Проблемалық оқыту студенттердің ой-толғанысы мен пайымдауын ерекше көрсетіп, шынайы эмоциясын шығаруға қол жеткізеді. Сонымен қатар әңгіменің берер тәрбиелік мазмұнын толық бойға сіңіреді. Тұлғалық күзіреттілігін байытуда ықпал етеді.

Оқушыларға әңгімені түсінуде қолдануға болатын әдіс пен тәсілдер:

1) әңгімеге өзіндік пікір білдіре отырып оқу;

2) сюжетін және кейіпкерді талдау арқылы проблемалық және эвристикалық тәсілмен оқыту;

3) мәтін бойынша тереңдетілген жеке және ұжымдық тапсырмалар жасау;

4) зертханалық жұмыс (стильдерді таныстыру, кейіпкер атынан хат жазу);

5) эпизодты талдау, бөлімдерге бөлу, әр бөлімнің рөлін көрсету;

6) ең зерек оқырмандарға арналған әдеби тапсырмалар мен интеллектуалды ойындар;

7) білімді құрастыру, жазу, сызу және оқушының жеке шеберханаларына терең бойлау, жазу өнерімен танысу (Симбаева, 2019: 38).

Жоғарыдағы тәсілдерді негіз ретінде қолданып, түрлендіріп әңгімені оқытар болсақ, автор мен оқырман арасында алтын көпір орнатып, әңгімеге деген студенттердің қызығушылығын жоғарылата аламыз. Бұл жерде «оқырман» мен «кейіпкер» байланысы орнап, ірбір оқырман

өзін кейіпкер рөліне қойып, әңгімені толық зерттей отырып оқи алады.

Сонымен қатар әңгімені талдау барысында «кейіпкерге хат», «бейнелер жұмбағы», «кейіпкермен рөлдік байланыс» сынды тәсілдік стратегияларды қолдану арқылы талдау жүргізсек, студент әңгімеге толық беріліп, өзін сол шығарманың бір бөлігіне айналдырады. Бұл әдіс арқылы студент әңгімені жай ғана оқып шықпай, өзіндік ойын хатқа түсіреді. Немесе кейіпкерді сезіне отырып, онымен байланыс құрады. Жаңаша бір өмірдің мәнін көреді, өзімен салыстырады. Өзіндегі бардың артықшылығын сезінеді. М.Омарованың әңгімелері осы нұсқаларға толық сәйкес келеді. Қысқа да әрі нақты, көпке түсінікті болғандықтан студенттерге бір деммен оқу қиынға соқпауы мүмкін. Бірақ студент шығарма мазмұнына өзін қойып, өз рөлін дұрыс тапқанда кейіпкер мен оқырман арасында байланыс толық жүргізіледі. Осы арқылы толық әсер алған студент, шығарманы өз деңгейінен асыра отырып талдайды.

Студенттерді оқытқан кезде:

- 1) Әңгімеде берілген кейіпкерлер кімдер?
- 2) Шығармада берілген оқиға қай жерде, қай заманда орын алған?
- 3) Оқиғаның басталуы мен шарықтау шегінде, аяқталуында қалып қалған тұстары бар ма?
- 4) Оқиға желісінің нақты, керекті бөлімдері туралы ой қозғандар.
- 5) Шығарма желісін талқылауда, қандай оқиғалар барынша әсерлі суреттелген?
- 6) Берілген оқиға желісі бойынша қандай суретті бейнелеуге болады деп ойлайсындар?
- 7) Оқиғаның қай бөлігін нақышына келтіре, сипаттап айтып берер едің?
- 8) Оқиға желісінің қай жері мұң, немесе асқақ сезім мен көңілге қуаныш сыйлайды? (Симбаева, 2019:75)

Осы сауалдар мен тапсырмаларды бекіту арқылы көркем шығарманы студенттің оқып, оқымауын, оны толық түсініп, түсінбеуін айқын білеміз. Тақырып пен идеясына байланыс құра алып, әңгімені толық талдағанына көз жеткіземіз.

ЖОО-да оқытын студенттердің көпшілігі шығарма оқуға аса бір бейім келмейді. Бірақ шығармаға қатысты белгілі бір дәрежеде қызығушылық танытса, соңына дейін жетеді. Осы себепті кез келген студенттің оқу дағдысын қалыптастыру маңызды. Ол үшін студенттен көбірек ашық сұрақтар, ойтолғау жаздырып, әңгімеге қатысты пікірін әрдайым сұрап отырған

абзал. Осы арқылы студент шығарманы оқуға бейімделе түседі және ол оның маңызын түсінеді. Студентке көбіне өзіне қажет әдебиетті, әңгімені оқу маңызды. Ал толығымен оған берілген әңгіме мен шығарманы оқуға бірден құлшыныс таныта қоймауы мүмкін. Осы тұста көлемі шағын әңгімелерді оқыту кезінде оны рөлдерге бөліп, кейіпкер әрекетін талдап, идеясын түсіндіргенде біршама жетістіктерге жетеміз. Әңгімені оқу барысында студент өзіне қажет ақпаратты түртіп алып, ойға жазып, миға шабуыл жасау арқылы сұрақпен жауап тауып, сыни тұрғыдан мағынасын ашып, мазмұнына беттесе, әңгіменің негізгі өзегіне жетеді.

Әу баста алдымызға келген студент өзі оқыған мектеп қабырғасынан Ыбырайдың «Әке мен баласын» талдап, Ахметтің мысалдарымен таныс болып келеді. Абайдың шығармашылығымен сусындайды. Ал қазіргі таңда көптеген оқырмандар оқудан бұрын ақпараттық технологияға толық бейімделіп, одан кейін ғана бос уақытында қолына кітап алуы, не әңгіме оқуды жоспарлайды. Әр адамның жүрек көзінің ашылуы үшін әңгіме басты құрал. Әңгіме – өмірден алынған қысқа болса да өзіндік мазмұны бар, қалыптасқан өмір заңдылығын автор толық жеткізгісі келетін идея мен тақырыптан тұратын мағыналы қара сөздердің маржандай тізілген топтамасы. Баланың жүрек көзін, танымын, ойын қалыптастырып-ашуға өз ықпалын молынан тигізетін құрал.

Жазу тек ойға келгенді түртіп не ойдағы идеяны іске асыру ғана емес, оны жан-жақты дамытып, сапалы жұмыс шығару керектігін көрсеткен әңгіме жанры. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт бізге сөз еркіндігі мен бостандығын, жазуға деген еркіндікті сыйлағандай болды. Осы кезде жарық көрген шығармаларымыздың рөлі әдебиетіміз үшін жоғары. Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі мақсаты – болашақ әдебиет пәнінің мұғалімдеріне арналған көмекші құралды ыңғайлы және қолдатын мүмкіндіктерге толы етіп әзірлеу. Егер оны мұғалім өз сабағында қолданса, жетістікке жететіндей етіп, нәтиже көрсетуге жол ашу. Мұғалімдер оқу жоспарын дұрыс жоспарлап, студенттерге нақты әдеби құралдармен сабаққа кірсе, сөзсіз дәріс өзін ақтап, оқушыларға құнын арттырады. Осы себепті де біздің негізге алған талдаулар оқытушыларға жаңа леп береді деген сенімдеміз.

Мадина Омарова әңгімелері қазіргі жастармен замандас іспетті. Себебі ол қозғаған тақырыптар: адам табиғатының болмысы, жаны мен

рухы, сенімі мен нанымы, тағдырға иманы, сезімі, күші, қуаты, мейірімге құштарлығы, өмірдің мәнін іздеуі, ақиқат пен жалған, махаббат сынды бірқатар сезімдермен ерекшеленеді. Бұл атап айтқан сезімдер қазіргі таңда кез келген адамның бойынан іздейтін, сұрақтарына жауап тапқысы келетін өзекті тақырыптар болып отыр. Ал бұл әңгімемен сусындаған студенттер өзіндік сауалдарына жауап алып, өзінше шешім қабылдауға дағдыланады.

Жұмысымызға Ж. Аймауытовтың сонау ХХ ғасырдың басында айтып кеткен тұжырымдары негізінде әңгімені оқыту үдерісінде қолданылатын «5 минуттық эссе», «Пікірталасқа негізделген әңгіме», «Ақылдың алты қалпағы», «Кейіпкерге хат», «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Әдеби үйірме», «ЖИГСО», «Кубизм» т.б оқыту техникаларын қолдануға болады. Бірақ әдебиет көркем әлем болғандықтан оны талдау да көркем болғаны жөн. Оны талдауда автор секілді жазып, сызып, мағынасын ашқанға ешбір әдіс жетпейді. Жазу мен сызу оқырман мен автор арасындағы дәнекер. Сол сияқты сабақ соңын «екі минуттық толғанс», «екі сөйлем, бір жақша», «сөздік толғанис» сынды жазумен бітіріп, көңілге қондыру өте ұтымды тәсіл болмақ. Бұл кері байланыс арқылы оқытушы студенттің ойын анық ұғып, оны толық қабылдай алады. Сұраққа да жауап алады (Симбаева, 2019: 18). Ешқандай тәсіл қате емес, тек оны құндылыққа сай негізге салып, дәріптеп, маңызын көрсете алу керек. Ең маңыздысы оны түрлендіру. Бір студент пен екінші студенттің пікірі алуан түрлі болуымен қатар, идея да екі жақты болуы мүмкін. Осындай сәттерде түрленген тәсіл арқылы жаңа жолға түсіп, жаңалыққа бейімділік маңызды. Әңгіме ішінде кездесетін бұлыңғыр ойлар, түсініксіз сөздермен жұмыс жасап, оны қолданудағы артықшылықтарды көрсеткенде ғана оқытушы біршама шығарманы талдайды. Әңгімеде сөз бен сөйлем мағынасы өте маңызды. Осы маңыздылық оқырманға толық жетіп, оқырман толық әңгімені түсінсе, әңгіменің шешілмеген жұмбағы қалмайды.

Мәтіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс жасау тәртібі болуы шарт. Оны әр әңгіме сайын оқытушы еске түсіріп, студенттерге жеткізу керек. «Мағынасы қиын сөйлем», «Мағынасы ерекше қатар» сынды айдармен оқушылардың назарын аударуға болады. Осы әдіс негізінде әңгімедегі мағынасы терең немесе мағыналық жағынан студентке қиын болатын, түсінуге ауыр келетін ойды анықтауға болады. Студент өз ойын анық

айтып, толық жеткізе білгенде ғана шығарма туралы өзіндік қорытындыға келеді.

Біздің қарастырып отырған тақырыбымызға сай студенттерге арналған зерттеу әдісі тек бір әдіспен тоқтап, шектелмейді. Ол түрленеді, маңызы артады, дәлелденеді. Өзіндік әр студенттің өлшемімен баға алады. Әңгімеге сыни тұрғыдан баға бере алған студент толық шешім шығару дағдысына қол жеткізеді.

Осы оқыту әдістері толық игеріліп, сәтті түрде жүзеге асырылса, сөзсіз сабақ нәтиже береді. Нәтижелі сабақ студент пен оқытушының жемісі, әңгіменің жеңіске жетуі.

Мадина Омарова – кешегінің жазушысы емес, бүгінгі, яғни біз көрген заманның бір өкілі болды. Қысқа ғана ғұмырында ғибрат аларлық әңгімелерге қазақ әдебиетін тұнған маржанға толтырып, байытып кеткен бірегей жазушы еді.

Қорытынды

Мадина Омарованың әңгімелері өте талғаммен жазылған көркем туындылар. Оған беттеп, танып, талдап оқыған әр студент өз керегін алып, қаламгер ойын дөп басады. Әңгімені саралай оқып, талдау анализін жасайды. Осы арқылы студент өзіндік шығарма талдау дағдыларын дамытады. Тақырып мен идеяның байланысын жете түсініп, оның бір әңгіме үшін қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізеді. Оқытушы үшін шығарманың оқылғаны маңызды емес, оны студент қалай оқығаны маңызды. Әр студент, әр оқырман өзіндік бір әлем. Сондықтан да әр әлемге толық беттеп, оның маңызын ашып, мәнін ұққанда ғана әр әлемге өзінше мүмкіндік пен таным бере аламыз. Оны қабылдаймыз, оның әлеміне барамыз. Осындай әлемге жол ашатын құндылықтарға негізделген әдеби шығармаларымыз, оның ішінде тәуелсіздік кезеңіндегі әрбір шығарма болашақ педагогтеріміздің жүрегінен ойып тұрып орын алса, сөзсіз жеңіске жеткеніміз. Ол үшін әр оқытушы дұрыс тәсіл мен өнімді әрекеттер жасауы қажет. Әр әдісті түрлендіріп, әр әдіске ерекше ықылас танытуы тиіс. Ықыласпен жазылған шығарманың жүректерге жетуі жылдам болатыны секілді әрбір ықыласпен өтілген сабақ студентке сөссіз жетері хақ.

Жұмысымыздың негізі ретінде алынған М. Омарованың әңгімелері бұл ретпен зерттеліп тоқтамақ емес. Ол тақырыптық жағынан да, мазмұндық жағынан да ауқымы кең, идеясы зор шығармалар қатарынан. Әр парағын ашып, зерделей білген адам үшін таптырмас маржан-

мен тең М. Омарова әңгімелері жаңа леп пен жаңа идеяға басым, жаңалыққа күштар автор қаламынан сыр шертеді. Сырға толы мистиканы қазақшаға тән бояумен әрлеген қаламгердің әр шығармасы сөзсіз әр қазақтың оқылуы тиіс шығарма тізімінде болуы тиіс.

References

- Abdikalyk, K., Arinova, B., Alieva, J., Ermahan, A. (2021). Kazirgi kazakh angimelerin okytuda Zh. Aymaulytovtin gylymi enbekterin koldanudyn adistemelik mumkindikteri [Methodological possibilities of using the scientific works of Zh. Aymautov in teaching modern Kazakh stories]. [Electronic resource]. URL: <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/1053> (in Kazakh)
- Aymaulytov, J. (2013). Alty tomlyk shygarmalar jinagy [A collection of works in six volumes]. Almaty. El-shejire. (in Kazakh)
- Alekseyeva, M.A. (2018). Prepodavaniye literatury: obrazovatel'nyye tekhnologii [Teaching literature: educational technologies]. [Electronic resource]. URL: <http://m.ibooks.ru/bookshelf/367107/reading> (in Russian)
- Asylbekuly, S. (2008). Kazakh povesi (genezis, evolyusiya, poetika): monografiya [Kazakh story (genesis, evolution, poetics)]. Almaty. (in Kazakh)
- Baytursinov, A. (1992). Til tagılımı [Language training]. Ana tili. (in Kazakh)
- Jumajanova, T.Q. (2009). Adebietti oqytu adistemesi [Methodology of teaching literature]. Almaty. Bilim. (in Kazakh)
- Kalijarova, J.T. (2022). Qazaq adabietindegi epistolyarlıq janrdın tarihy [History of epistolary genre in Kazakh literature]. Caravan. Journal of Scientific, Vol. 3, P. 183-194. (in Kazakh)
- Kasqabasov, S. (1984). Kazaktyn khalyk prozasy [Kazakh folk prose]. Almaty. Gylym. (in Kazakh)
- Konyratbaev, A. (1966). Adebietti oqytu metodikasy [Methodology of teaching literature]. Almaty. Mektep. (in Kazakh)
- Khdaybergenov, N. (2020). Kazirgi qazaq prozasındaǵı jalpyadamdıq qundylyqtar [Universal human values in modern Kazakh prose]. PhD Dissertation]. Almaty. (in Kazakh)
- Mercer, N. (1995). The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners. Clevedon: Multilingual Matters.
- Omarova, M. (2012). Kadir tuni [Night of honor]. Almaty. Zhalyn. (in Kazakh)
- Omarova, M. (2020). Kombe nannin damı [The taste of Kombe bread]. Almaty. Bolashak. (in Kazakh)
- Sabirova, D.A. (2019). Khudozhestvennyy mir sem'i v literature Kazakhstana: tipologiya i metodika izucheniya [The artistic world of the family in the literature of Kazakhstan: typology and methods of study]. [Electronic resource]. URL: <https://nabr.kz/ru/e-catalog?searchType=simple&field=all&value> (in Russian)
- Simbaeva, S. (2019). Belsendi oqu men oqytuda qoldanylatyn adister: adistemelik qural [Methods used in active learning and teaching: methodological tool]. Astana. "Turan-Astana" Universitet Publish House (in Kazakh)
- Sybanbay, S. (2023). Tauelsizdik dauirindegi qazaq [Kazakh prose in the era of independence]. Qazaq adabieti [Electronic resource]. URL: <https://qazaqadabieti.kz/36955/t-uelsizdik-d-uirindegi-aza-prozasy> (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Мубарак Назерке Елубекқызы – PhD докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.ru);

Әділбекова Ләззат Махайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: adilbekova.lyazzat@qyzpu.edu.kz).

Information about the authors:

Mubarak Nazerke – PhD student, Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.com);

Lazzat Adilbekova – Candidate of philology, Acting Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: adilbekova.lyazzat@qyzpu.edu.kz).

Сведения об авторах:

Назерке Елубековна – PhD докторант, Казахский национальный женский педагогический университет (г. Алматы, Казахстан, e-mail: nazerke.96.sdu@gmail.com);

Адилбекова Лаззат Махайовна – и.о. профессора, кандидат филологических наук, Казахский национальный женский педагогический университет (г. Алматы, Казахстан, e-mail: adilbekova.lyazzat@qyzpu.edu.kz).

Келін түсті: 20 шілде 2024 жыл
Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл